

көрінеді, бірақ іс жүзінде әлсіз тұстары бар екенін болжайды. Осы уақытқа дейін ұсынылған бағалау саясатын реформалаудағы басым тақырып «сауалнама» түрі болды, ол PIA, TIMSS және NAPLAN сияқты әлемдік білім беру саясатына сәйкес келеді.

Аталған реформа Индонезиядағы бағалау практикасын толығымен өзгертеді. Сонымен қатар осы бағалау жүйесі барлық бастауыш және орта мектеп оқушыларына әсер етеді, ал PISA тесті сияқты халықаралық зерттеулер жоғары сынып оқушылары үшін емес, бастауыш сынып оқушылары, әсіресе 15 жас аралығындағы оқушылар үшін ұсынылады.

Бұл мақалада жаңа саясаттың мазмұны және оның әлсіз жақтары көрсетілген. Халықаралық «саяси алып пайдалану» негізінде жоспарланған нәтижеге және жүйенің осы функцияларды енгізе алмау мүмкіндігіне басты назар аударылады. Сондай-ақ мұндай бағалау жүйесінің мектептердегі оқуға тигізер әсерімен және сол сияқты мұғалімдердің бағалаудағы рөлі туралы айтылады. Дегенмен Финляндияның білім беру жүйесіне негізделген Индонезия жағдайында, студенттерді бағалауға ұсыныс жасалады.

Түйінді сөздер: Индонезия, бағалау, әлемдік білім беру саясаты, АКМ, финдік білім беру жүйесі

Автор туралы:

Рати Адипутри, PhD, әлеуметтік ғылымдар және философия бөлімі, Ювяскюля университеті, Финляндия

Сведения об авторе:

Рати Адипутри, PhD, Департамент общественных наук и философии, университет Ювяскюля, Финляндия

About author:

Rati Adiputri, PhD, Department of Social Sciences and Philosophy, University of Jyväskylä, Finland

УДК 811.161.1

Г.С. Мырзакулова

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан

ТІЛДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада тілді қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ тілді қашықтықтан оқыту кезінде әртүрлі ақпараттық жүйелерді қолданудың артықшылықтарын түсінуге және көруге оң мүмкіндік береді және білім беру бағдарламаларына жаңа курсты енгізу қажеттілігіне назар аударылады.*

***Түйінді сөздер:** қашықтықтан оқыту, онлайн сабақ, тіл, ақпарат, компьютерлік сауаттылық, платформа*

Қазақстандық білім, әлемдегі барлық білім сияқты, бүгінгі таңда ең қиын кезеңдерді бастан өткеруде. Коронавирустық Пандемия бұрынғы ұстанымдар мен дәстүрлі тәсілдерді өзгертті. Жекелеген оқу орындарының қашықтықтан оқыту технологияларын тез және сапалы енгізуге дайын еместігі, интернетке қолжетімділіктің әлсіздігі, компьютерлік бағдарламаларды тұтынушылардың көпшілігінің интернет платформаларын белсенді қосуға

толық дайын еместігі және т.б. Дегенмен әртүрлі оқыту жүйелерінің тез қалыптасуының және көптеген оқу бағдарламаларының, вебинарлардың, онлайн курстардың пайда болуының арқасында жағдай айтарлықтай жақсарады, барлық жағынан прогресс байқалады.

Қашықтықтан оқыту тәжірибесі бұрыннан белгілі, кеңес заманында ол сырттай оқу формасы арқылы жүзеге асырылды. Компьютерлік және коммуникациялық технологиялардың қазіргі жағдайында, оның ішінде, әсіресе тілдерді үйрету үшін қашықтықтан оқыту көрінісі жаңа мазмұнға ие болды. Компьютерлік телекоммуникацияға негізделген оқытудың бірқатар артықшылықтары бар:

- кез келген ақпаратты қашықтықта жедел беру;
- бұл ақпаратты қажетті уақыт ішінде компьютерлік жадта сақтау;
- оны редакциялау, толықтыру және т.б. мүмкіндіктері;
- осы мақсаттар үшін арнайы жасалған мультимедиялық бағдарламалар, презентациялар көмегімен интерактивті жұмыс мүмкіндіктері;
- студенттермен жедел кері байланыс орнату;
- әртүрлі ақпарат көздеріне, атап айтқанда, Internet жүйесі арқылы қашықтағы деректер базасына қолжетімділіктің болуы;
- телекоммуникациялық жобаларға, сондай-ақ виртуалды конференциялар мен семинарларға қатысу және ұйымдастыру мүмкіндіктері.

Білім беру кеңістігі мен байланыс бүгінде әртүрлі жолдармен қамтамасыз етілген. Instagram, Facebook, Google, YouTube және т. б. тұтынушыларға телефондарда немесе тіпті Discord ойын платформасында заманауи конференц-байланысты қосу арқылы аудиоконференцияларды ұйымдастыруға, Zoom, Microsoft Teams, Skype және т. б. сияқты түрлі бағдарламаларды пайдалана отырып, бейнеконференцияларды ұйымдастыруға болады [1].

Тілді қашықтықтан оқыту мақсаты келесі міндеттердің шешімін көздеуі қажет деп ойлаймыз:

- Барлық тілдесімдік әрекеттерде лексика-грамматикалық дағдыларын қалыптастыру және біліктерін дамыту;
- Жалпы ғылыми және кәсіби-іскери сөздік негіздерін қалыптастыру (лексикалық минимум);
- Студенттердің мамандығына сәйкес кәсіби әрекеттерінің саласына жатқызылатын сөздік қорын байыту;
- Жеке оқу-танымдық әрекеттердің стратегияларын пайдалану білігін жоспарлы әрі мақсатты дамыту;
- Әлеуметтік өзара әрекеттесу, проблемаларды шешудегі ынтымақтастық және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін арттыру;
- Ел мәдениетіне оңтайлы қарым-қатынас және төзімділік қарым-қатынасын қалыптастыру;
- Қазақ тілін меңгерудегі студенттердің танымдық белсенділігі мен ынтасын ояту, қолдау.
- Студенттердің қазақ тілін белсенді түрде меңгеруге үйрету, қазақ тілінде ойын жеткізу және жағдаятқа қатысты дұрыс тілдесімдік қатысым жасау; осы тілде берілген ойды түсіну; түрлі деңгейде жазбаша дайындалған студенттердің деңгейіне сәйкес, лайықты мәтіндердің мазмұнын түсіну; көлемі және сипаты әртүрлі ақпараттарды беру. Пән бағдарламасы қазақ тілін тілдесімдік әрекеттің төрт түрі (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) бойынша оқытуды қарастырады, бұлар студенттің қазақ тілін нақты қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл курсқа ауызекі және жазба тілін тәжірибелік

жағынан меңгеруі, олардың фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық жағынан дұрыс рәсімделу негізі болады.

Бұл арада студенттерге мәтінмен жұмыс істетуді дағдыландырудың қажеттілігі туады. Тіршіліктегі барлық пайдалы, қажетті мағлұматтарды тек мәтін арқылы алады.

Қабылдау және түсіну, сондай-ақ сыни ойлауды дамыту дағдылары эссе, аңдатпа, жазбаша интерпретация жазу барысында тексеріледі. Бір сөзбен айтқанда, өткен материалды оқып-үйрену, бекіту және қайта шығару және онлайн оқыту жағдайында қазақ тілінен ауызша емтихан тапсыруға дайындалу үшін мүмкіндіктер жеткілікті.

Қашықтықтан оқытудың кез келген түрінің тиімділігі бірнеше маңызды факторларға байланысты:

- оқытушы мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс орнату; – оқытушының педагогикалық шеберлігі және қолданылатын педагогикалық технологиялардың сапасы;
- әзірленген әдістемелік материалдардың тиімділігі және жеткізілімнің тиімділігі;
- білім алушы тұлғасының жеке психологиялық ерекшеліктері және оның оқуға деген ынтасының дәрежесі.

Осылайша қазіргі уақытта заманауи ақпараттық технологиялар қашықтықтан оқыту мәселесін шешудің шексіз мүмкіндіктерін ұсынады, өйткені ақпаратты кез келген қашықтыққа, кез келген көлем мен мазмұнға сақтау, өңдеу және жеткізу мүмкін.

Мұндай жағдайларда қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыруда оқытудың әдіснамалық және мазмұндық жақтары бірінші орынға шығады.

Таңдалған мазмұнның сапасы ғана емес, сонымен қатар оқу материалын құрылымдық ұйымдастыру да ескеріледі. Осыған байланысты оқытушыға үлкен жауапкершілік жүктеледі, өйткені оның кәсіби және педагогикалық білімі мен тәжірибесінің барынша көрінуімен байқалады.

Онлайн сабақтарды ұйымдастырған кезде оқытушы осы сабақтың нәтижесіне байланысты болатын орталық тұлғаға айналады, ол виртуалды аудиторияның менеджері және дирижері. Сонымен қатар онлайн-сабақ интернет-кеңістікте өтетінін ұмытпаңыз, оған қол жеткізу жан-жақты. Сабаққа әлемнің түкпір-түкпірінен студенттер мен барлық тілек білдірушілер қосыла алады. Осыған орай оқытушыға тағы да бір орасан зор жауапкершілік жүктейді. Мұның бәрі тілдерді қашықтықтан оқыту процесінің шындығы мен перспективасын білдіреді.

Қазіргі кезде қашықтықтан оқыту біздің өміріміздің ерекше маңызды бір бөлігіне айналды. Біз оны қалаймыз ба, жоқ па, сондықтан оқытудың бұл түрін студенттердің, оқытушылардың да өзін-өзі дамыту мүмкіндігі ретінде қабылдауымыз керек.

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде де біз қашықтықтан оқыту барысында қойылған әдістемелік міндеттерді шешу кезінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің басты қағидаттарын басшылыққа алдық [2]. Мысалы, мәтінмен жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыра алдық, онсыз сөйлеу дағдылары қалыптаспайтыны бәрімізге белгілі. Сондай-ақ студенттердің мемлекеттік кәсіби бағдарланған қатысымдық құзыретін қалыптастыру, дамыту мақсатында барлық тілдесімдік әрекеттерде лексика-грамматикалық дағдыларын қалыптастыру және біліктерін дамыту бағытында жұмыс жасадық деп айта аламыз. Оқытудың осы түрінің ерекшелігіне байланысты білім беру құралдарының көпшілігі электронды: гипермәтіндік және мультимедиялық оқулықтар мен нұсқаулықтар, интерактивті семинарлар, тест жүйелері, бейнелер, иллюстрациялар, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар және сандық форматтағы кез келген басқа материалдар оқу мәселелерін шешу үшін қолданылды. Сонымен бірге қашықтықтан оқыту барысында студенттердің мамандығына сәйкес кәсіби әрекеттерінің саласына жатқызылатын сөздік қорын байыту, жеке оқу-танымдық әрекеттердің стратегияларын пайдалану білігін жоспарлы

әрі мақсатты дамыту жұмыстарын басты назарда ұстадық. Қашықтықтан оқыту бойынша қазақ тілін меңгерудегі студенттердің танымдық белсенділігі мен ынтасын ояту, мақсатында әртүрлі жұмыстардың бәрін қолдануға тырыстық, мәселен: студенттерді қазақ тілін белсенді түрде меңгеруге үйрету, қазақ тілінде ойын жеткізу және жағдаятқа қатысты дұрыс тілдесімдік қатысым жасау, осы тілде берілген ойды түсіну; түрлі деңгейде жазбаша және ауызша дайындалған аудиторияның деңгейіне сәйкес, лайықты мәтіндердің мазмұнын түсіну; көлемі және сипаты әрқилы акпараттарды беру. Сол сияқты қазақ тілін тілдесімдік әрекеттің төрт түрі (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) бойынша оқытуды көздей отырып, студенттің қазақ тілін нақты қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін тапсырмаларды іріктелген түрде студенттерге ұсынуға тырысу қажеттігін түсіндік.

Қазіргідегідей жаңа білім алу кезеңінде оқу материалын жақсы есте сақтау үшін дәрістің бейне жазбаларын қолдануға болады, түрлі бейнелер жасап, бейнеконференциялар ұйымдастыру арқылы студенттерге жаңа материалдарды ұсынып отырдық.

Сонымен бірге, қазақ тілі сабақтарында студенттердің дәстүрлі іс-әрекеті туралы да ұмытпай: оқулықпен жұмыс, дәптерге жазу, сұхбаттасу, иллюстрациялар, оқу, қайталау, мәтінді талдау, жатқа оқу және әркелкі шығармашылық жұмыстарды орындатуға да баса көңіл бөліп отыруды ескерген жөн.

Айта кету керек, қашықтықтан оқыту шеңберіндегі сабақтың негізгі маңызды компоненттерінің бірі – тесттер. Олар студенттерге оқу материалын тезірек және тереңірек игеруге көмектеседі, оқытушыға оқу материалын игеру деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту түрінде сабақты дайындау кезінде кездескен қиындықтарды атап өтпеуге болмайды, олар: материалдың үлкен көлемі және көптеген сағаттар әдістемелік дереккөздерді сауатты таңдауды талап етеді; қашықтықтан оқыту материалды ұсынудың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқыту – оқытудың жеке қарқынына мүмкіндік береді; оқу процесінде акпарат көздерінің кең спектрін пайдалануға; – стандартты емес, шығармашылық тапсырмаларды қолдануға көбірек мүмкіндік береді – әртүрлі оқу түрлерін қалыптастыруға ықпал етеді: оқу, іздеу, таныстыру; – іс-әрекетті өз бетінше жоспарлау қабілетін дамытады; – акпараттық кеңістікте жұмыс істей білуді қалыптастырады; – өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастырады. Алайда қашықтықтан оқытудың тиімсіз тұстарын атап өтпеуге болмайды: – оқытушы студенттермен өзара "жанды" қарым-қатынасы жоқ; – үлгерімі нашар студенттерге материалды қосымша түсіндіруге мүмкіндік жоқ; – денсаулыққа белгілі бір зияны бар (студенттердің қозғалыс белсенділігін төмендету, көзге және тірек-қимыл аппаратына жүктемені арттыру); – Интернет желісінен редакцияланбаған дайын жауаптарды пайдалану.

Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, қазақ тілі оқытушысының жұмысы аясында өзара байланысты міндеттердің тұтас кешені шешіледі, олардың әрқайсысы осы қызметті сәтті жүзеге асыру үшін белгілі бір жағдайларды талап етеді [3]. Мысалы, білім беру процесінде электрондық және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану (мультимедиа, электрондық ОӘК, цифрлық білім беру ресурстары);

Қашықтықтан сабақ жоспарлау кезінде студенттің жаңа материалды білуі, оны бекіту және т.б. оның дайындығы мен дайындығына байланысты жеке болатындығы ескеріледі.

Оқу үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

1. жаңа білім алу;
2. жаңа білімді пайдалана отырып, түрлі оқу тапсырмаларын, жаттығуларды орындау;
3. білімді жинақтау және жүйелеу.

Осылайша қашықтықтан оқыту жақсы, сапалы жүргізіліп отырса, дәстүрлі оқу түріндегі оқу процесін ұйымдастырудан ешбір кем түспейді деп ойлаймыз.

Қашықтықтан оқытудың тағы бір ерекшелігі – орындалған жеке тапсырмаларды аяқтау мүмкіндігі. Егер студент тапсырманы жеткілікті түрде аяқтамаса, оқытушы оны түзетуге болатын қателерді көрсете отырып, оны түзетуге қайтара алады. Міне осы мүмкіндікті тіл үйретуші ұстаздар қауымы жіберіп алмау керек. Сондықтан да студенттерді өзінше ізденуге жетелейтін тапсырмаларды ойластыру қажет. Студент ең көп уақытты өздігінен жұмыс істейді. Бұл оған өз іс-әрекетінде өзін-өзі тануға, білім деңгейін өз бетінше анықтауға, білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды көре алады.

Қашықтықтан білім беру мазмұнының негізгі компоненті студенттің ақпаратпен өзіндік жұмысы болып табылады, оның барысында ол пәндік білім мен мета-пәндік дағдыларды үйренеді, бұл пәннің білім беру әлеуеті мен студенттің әлеуетін кеңірек және тереңірек пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиялары бірқатар маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: білім беру кеңістігін құру; студенттердің танымдық дербестігі мен белсенділігін қалыптастыру [4];

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолданудың бұл моделі (студенттік қызметтің әртүрлі салаларында) оқытуды қазіргі заманғы ақпарат беру және сақтау құралдарына негізделген білім беру ақпараттық ортасы ретінде қарастырады. Аталған тұжырымдаманың орталығында оқытушы білімнің аудармашысы ретінде емес, танымдық процестің үйлестірушісі ретінде орналасқан, оның функциясына тәуелсіз қызметті реттеу және білімді игеру мен дағдыларды қалыптастыруды бақылау, студенттерге білім беру қызметінің барлық аспектілері бойынша кеңес беру кіреді. Қашықтықтан оқыту сынып жүйесіне қарама-қайшы емес және тәуелсіз оқыту нысаны емес, білім беру практикасына жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді қамтиды.

Елімізде білім беруді модернизациялау оның сапасын жақсартуға, қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған [5]. Бұл көбінесе білім беру процесінің әлеуметтік үміттерге сәйкес келмейтіндігіне байланысты. Көптеген ондаған жылдар бойы ел үшін жоғары білікті кадрлар даярлаған алдыңғы білім беру жүйесі бүгінде білім берудің қажетті деңгейіне қол жеткізуді айтарлықтай дәрежеде қамтамасыз ете алмайды. Жаңа білім беру нәтижелеріне назар аудару біршама өзгерістерге әкеледі. Бірақ бұл да қисынды, білім беру ортасын жаңғыртуға қатысушы басты объектілердің бірі студент болып қала береді.

Қорыта келгенде, қашықтықтан оқытудың бір жағымды жағы бар екенін атап өтер болсақ: ол компьютерлік сауаттылықты арттыруға мүмкіндік берді, заманауи және мобильді болуға деген ұмтылысты күшейтті, виртуалды өзара әрекеттесуге ашық болудан қорқуды жойды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. (21 бет., 32 бет.)
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. (20-21 бет., 36-37 бет., 116-117 бет.)
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. (10-бет.)
4. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. (2-бет.)
5. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013. (20 бет. 43 бет.)

REFERENCES

1. «Akparattyk tehnologiya zhane kashykyktan okytu» ["Information technology and distance learning"] Mukhambetzhanova S.T. (21bet., 32 bet.)
2. *Kazakstan zhane TMD elderyndegy bilim berudy akparatandyrudyn IV Khalikaralyk forumyn gylymi makalalar zhinagy* [Collection of scientific articles of the IV International Forum of Education Informatization in Kazakhstan and the CIS] (20-21bet., 36-37bet., 116-117 bet.)
3. *Kazakstan Respublikasynyn bilim beru zhuyesyn 2010 zhylga deyin damytudyn Memlekettyk bagdarlamasy* [The state program of development of education system of the Republic of Kazakhstan till 2010] (10bet.)
4. *Kazakstan Respublikasynyn bilim beru zhuyesyn 2015 zhylga deyin damytu tuzhyrymdamasy* [The concept of development of the education system of the Republic of Kazakhstan until 2015] (2bet.)
5. *Bilim beru uyimdaryna elektrondyk okytu zhuyesyn engyzu zhagdayinda pedagogtardyn bylyktylgyn arttyrudy uyimdastyru adistemesy* [Methods of organizing professional development of teachers in the introduction of e-learning in educational institutions] / Akhmetova G.K., Karaev Zh.A., Mukhambetzhanova. // Almaty: AQ «BAO« Orleu », 2013.

Мырзакулова Г.С.

Актуальные вопросы дистанционного изучения языка

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные проблемы дистанционного обучения языку. Также данная статья дает хорошую возможность понять и увидеть преимущества использования различных информационных систем при дистанционном обучении языку и рассматривает необходимость внедрения нового курса в образовательные программы.

Ключевые слова: дистанционное обучение, онлайн-уроки, язык, информация, компьютерная грамотность, платформа.

Myrzakulova G.S.

Current issues of distance language learning

Abstract. This article discusses the current problems of distance learning. This article also provides a good opportunity to understand and see the advantages of using various information systems for distance learning and considers the need to introduce a new course in educational programs.

Key words: distance learning, online lessons, language, information, computer literacy, platform.

Автор туралы мәлімет:

Мырзакулова Гульнара Сабыровна, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің, тілдер кафедрасының сениор-лекторы, магистр

Сведения об авторе:

Мырзакулова Гульнара Сабыровна, магистр, сениор-лектор кафедры языков Международного университета информационных технологий

About author:

Myrzakulova Gulnara Sabyrovna master, senior-lector at Language Department, International Information Technology University